

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - С. 207-209

ЕУАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖЕТІШАТЫР ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Еділбекова А. М.

Бұл мақалада көпшілікке белгілі қаланың қазіргі жағдайы, тұрмыс-тіршілігі, оның табиғаты, не болмаса Абай, Шәкәрім сынды тұлғалардың туған жеріекендегін айту басты мақсатым емес. Мақсатымыз - тақырыбымызға тиек етілген Жетішатыр сөзінің түпкі тарихының қайда жатқандығын оқырман жандарға жеткізу. Бекініс ретінде қаланып, сол уақыттарда қандай өзгерістер бой алғандығын айту. Деректемелерге сүйене отырып, дәлелдемелер келтіру. Тарих қатпарларын ақтараотырып бұл қаланың өзі-ақ көп тұнып тұрған шежіре екендігін көрсету. Бастысы қазіргі уақыттағы Семейдің дәл осылай болып көркеюіне дейінгі кезеңдерін жаза білу.

Шығыстың шырайлы өлкесінде туып, өскен мен үшін Жетішатыр қаласының жүрегімен алар орны ерекшеекені хақ. Алыс-жақын елдерден келетін сауда айналымы ғана емес, ғылым мен мәдениеттің рухани орталығы болған Семей қаласы – Ертіс жағалауындағы әсем қалалардың бірі.



Аталған шаһар о баста шекара және әскери-тірек базасы Семей бекінісі ретінде іргетасы 1718 жылы қаланған болатын. ХІХ ғасырда Семей қаласын зерттеуші ғалымдар Миллер, Н.Абрамовтар «Семь палат», «Жеті шатыр» атануына назар аударып, өздеріне дейін жазылған деректерді іздестірді. Оларды оқып, зерттей отырып, бұл өзі қалмақтардың тастан қаланған жеті құрылысы екенін, 1660-1670 жылдары жергілікті феодалдардың өзара шайқасы кезінде бұл құрылыстардың бүліншілікке ұшырағандарын айтып жазған жазған еңбектері бар. Тобыл қаласының архив мекемелерінен әкелінген Семей қаласы туралы құнды мәліметтер Абай мұражайында сақтаулы. «Тобольская губернская ведомости» газетінің 1861 жылғы 11-санында Н.Абрамовтың «Князь Матвей Петрович Гагарин» деген зерттеу

еңбегінде Семей қорғанына «Семь палат», «Жеті шатыр» деген аттың берілуін, оны қалмақтар өз тілінде «Зордшинкинд» деп атағанын жазады [1].

Орыс әскерінің 1716 жылы Ямышево маңында қалмақтар кейін шегініп, 1718-20 жылдары еш бөгетсіз ішкееніп кетуіне қарағанда, орыс мемлекеті мен жоңғар мемлекеті арасында келісім шарт болған сияқты. 1718 жылы Семей қорғаны салынып біткеннен кейінгі дәуірде Семей аймағына бекіністер салуға жіберген патша өкіметінің адамдары өзара келіспей, жауласқан кездері де болды. 1715 жылдары Ямышев қорғанына жіберілген полковник Бухгольц бұл аймақтың байлығын өз мақсатына, яғни алтын кенін ашып, өнімін өзі пайдаланған генерал-губернатор князь Гагаринді Петербургке Екатерина патшаға хабарлайды. Оны патша үкіметі тұтқындап, дарғаасып өлтіреді. 1783 жылдан Семей бекінісі уездік қала дәрежесіне көтеріледі. Бұдан кейін 1796-1822 жылдардың арасында Семей уезі Тобыл губерниясы, Омбы облыстарына бағынған кезеңдерді басынан өткізді. 1850 жылы Семей қаласында ең алғашқы баспахана ашылды. Оған жабдық алуға сол кездегі бірінші гильдиялы көпестер С.Мусин, Ф.Афонин, С.Самсонов және Б.Еспаев өз қалталарынан ақша шығарып молынан болысты. Қазірде сол баспахана мұражайы бар. 1852 жылы түйенің, айдың, бес жұлдыздың белгісі салынған Семейдің гербі белгіленді. 1854 жылдан Семей жеке облыс болып құрылды. Осы жылы Семейде 1-гильдиялы – 1 көпес, 2-гильдиялы – 9 көпес, 3-гильдиялы – 97 көпес болды [2]. Жан-жақты сауданың дамуына байланысты «Тамжня» мекемесі құрылды. Осыған орай 1755 жылы қалада полиция басқармасы ашылды. 1855 жылы қалада 2 жәрмеңке ашылды, олар 25 мамыр – 10 маусым аралығында және 15 желтоқсан-1 қаңтар аралығында өтіп тұрды. Семей қаласы – орыс елінің қазақ даласымен, Орта Азиямен, Батыс Қытаймен саяси, экономикалық, мәдени байланыс қатынастарының өзекті орталық қаласына айналды.

Сол кездегі қаланың негізгі өнеркәсібі – былғары тері илеу зауыттары, сабын қайнататын зауыттар, ұн-диірмен, сыра зауыты, жеңіл өнеркәсіп түрлері болды. Семей – сауда-саттықтың ірі орталығы болды. Бұл туралы Омбы қаласында көлемді архив томдары бар. Онда Семей саудагерлерінің әрқайсысына анықтамалар жазылған. Солардың ең бастылары: Плещеев, Арафьев, Мусиндер, Баймұратов, Каукуенов т.б. туралы жазылған.

Семейдің сауда орталығы ретіндегі маңызы әсіресе 1804 жылдан бастап Батыс Қытаймен арадағы сауданың жандануына байланысты өсе түскенін көруге болады. Профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың деректері бойынша 1891 жылы Шығыс Қазақстанда 14 жәрмеңке жұмыс істеген, олардың жалпы түсірген жалпы табысы 1736800 сомды құраған. Олардың ең ірісі Қоянды жәрмеңкесі болған. Семей қаласының мәдени орталық болып қалыптасуы 1868 жылы ақ патша жарлығымен Омбы округінен бөлініп жеке Семей округі болып құрылуынан басталды. Сол жылдары Семей шаһарында орыс-қырғыз балары оқитын приходская мектебі ашылып, Семей өңіріндегі көкірегі ояу кейбір ауқатты қазақтары балаларын осы мектепке бере бастаған. Семей қаласында баспахана үйі де болды. «Ярдам» атты баспаханадан ақын Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», Шәкәрім ақынның кітаптары жарық көрді.

1883 жылы «Сибирская газетінің» 47-санында «Семейден хабар» деген айдармен Семейде тұңғыш рет ашылған қоғамдық кітапхана мен музей туралы хабарлар беріп тұрды. Алғашқы кітапхана, музей, телеграф, пошта, теміржол бекеттеріосы Семейде салына бастағандықтан, Семей Сібір мен Орта Азия халқы бас қосып, сауда жасайтын тоғыз жолдың торабы болып, қайнаған өмірдің ортасы болды[3].

Сонау Бұхарадан өзбек көпестері келетін. Сібірден орыс көпестері құндыз терісін әкелетін. Шығыстағы Қытайдан әкелінген жібек маталар мен фарфор ыдыстар осы Семей базарынан табылатын Мал базарында мындаған қой-ешкі, қара мал мен жылқы табындарын саудаға салуға қазақтар сонау Қарқаралы, Ақсуат, Аякөз бен Үржардан айдап әкелетін. Қытай саудагерлері мұнда әкелген ыдыстары мен маталарын малғаайырбастап ұзақ керуенмен Қашқар, Кашмир, Тибетке дейін сапар шегетін. Сол кездегіорыс саяхатшылары Семенов Тянь-Шанский, Янушкевич, Паллас, Коншин, Ш.Уәлиханов Семей елі, елі туралы мол естеліктер, жылы лебіздер қалдырған. Семей қаласының Октябрь революциясына дейін өсіп өркендеу жолындағы тарихын баяндайтын архив жазбалары еліміздің көптеген қалаларынан кездесіп отырды. Қаламыз дүниеге 1718 жылы келгені жөніндегі көптеген кітаптар мен деректер Петербург, Омск, Тобольск қаларындағы архивтерде сақталған. Ұлы Отан соғысы семейліктер үшін деерекше сын болды. Семейде 1941 жылы бірнеше дивизиялар жасақталды. Семейліктер майдандаОтан қорғау жолындаерлікпен шайқасты, сөйтіп 44 адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қала кәсіпорындары өз жұмысын майдан мүддесіне сай құра білді. Эвакуациямен келген тектес кәсіпорындар жергілікті кәсіпорындармен бірікті. Семейге Осташков былғары заводы орналастырылды. Үш фабрика (Киев, Азов жәнеАртем) негізінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылды. Клинцов жұқа шұға комбинаты мен П.Алексеев атындағы шұға фабрикасының жабдықтары Семей шұға комбинатына берілді. Қалаеңбекшілері Ұлы Отан соғысының алғашқы үш жылында ғана майданға 71 вагон азық-түлік, 150 мың дана жылы киім, 35 мың пар пима, 11 мың посылкалар жіберді. Осынау сын кезеңде сол кездегі М.И.Калинин атындағы ет-консерві комбинатының коллективіерекшееңбек үлгісін танытты. Кеңес өкіметіорнағаннан кейін Семей қаласы көп өзгерді . Ертіс жағалауындағы көп қабатты үйлер, соңғы жобамен салынған аэропорт, темір жол, өзен вокзалы, театр үйі, кинотеатрлар, неке сарайы, «Рахат» тұрмыс қажетін өтеу үйі, орталық мейманхана т.б. құрылыстар сол кездегі Семей қаласының ажарын аша түсті.

Бүгінгі Семей қаласы Республикамыздың ірі мәдениет орталығы. Қалада Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық мұражайы, Невзоровтар отбасы мұражайы, Ф.Достоевскийдің әдеби мемориалдық музейі, Абай атындағы қазақ музыкалы драма театры, Ф.Достоевский атындағы орыс драма театры, Абай атындағы әмбебап ғылыми кітапхана тағы басқа да мәдени орындары бар.

Әдебиеттер тізімі

1 Бейсенбаев М. Жеті шатыр н/е Семь палат // Семей таңы.-1998.-20 тамыз.-10б.

2 Бейсембаев М. Семей қаласы қалай салынған? // Семей таңы.-1988.-12 ноябрь.

3 Бейсенбаев М. Ертістің арғы жағы, сол қанаты: (қаланың 270 жылдығына) // Семей таңы.-1988,октябрь.4. Қазбалинов Т. Генерал-губернатор Колпаковский//Ертіс өңірі.-2005.-11б.

4. Formation of the language identity of a blogger , S.V. Olenev¹, The Department of Stylistics and Rhetorics, Kemerovo State University, Kemerovo, Russia, B.E. Kildibekova², The Department of Foreign Languages and Translation Studies, Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Kazakhstan, Z.K. Kurmanova³ The Department of Kazakh and Russian Languages, S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan (former Astana), Kazakhstan
Opcion, Año 35, Especial No.23 (2019): 904-921 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 18-02-2019 □Aceptado: 20-06-2019

Ғылыми жетекшісі: Омарова Г.Т.